# АЙТӨБЕЛ ҺӘМ ГҮЛЗЕЙНЕП

**(Әңгіме)**

**Өмір КӘРІП,**
**жазушы.**

Әр қилы атаған, тағаша иилген төбелі жаңа айдың қиығына келеді. Содан да Айтөбел боп кетті. Иесі де осыған тоқтаған. Былайғы жұрт оны Қорабайдың күрең төбелі дейді. Дей берсің-ау, байталдың қонымды атқа ие болуына балалардың септігі тиген. Солардың дуалы аузының шарапаты. Ертеңнен қара кешке дейін Айтөбел деп дуылдасып жүргені. Бәйгі күреңге деп тақпақ та құрастырды, ән де шығарған. Әттең, жүйріктің иесі келіспейді. Тым дөрекілігімен аты шыққан Қорабайдың, әсіресе балаларға жаны қас. Бұларды қора маңына жуытпайды, көріп қалса ат бауырына алып сабайды. Ерінбей-жалықпай тырқыратып қуалап жүргені. Содан да балалардың тілі шығып:

- Қорабай-ау, Қорабай,
Айтөбелге обал-ай.
Жуытпайсың айғырға,
Өзің ондайды қойдың ба?!

- деп жамырасады кеп. Елу шақты үйлі ауылдың қам-қарекеті балалардың көз алдында. Айқай сүрен былай тұрыпты, иттердің арпылдасқаны мен бұқа біткеннің ішін тартып өксігеніне дейін құлақта тұрады. Айғырдың адуындана арқырағаны, керек десең, айдары алақандай әтештің мекиендерін қауіп-қатерден сақтандырып, қоқилана қоразданғаны - бәрі-бәрі балалардың жадында сайрап тұрады. Әсіресе, сиыршы Ботбайдың астындағы Қарагер айғырдың азандауы әлемет. Қысы-жазы үстінен ері алынбайтын қамшы кесті жануар жүрісінен жаңылса да үнін жоғалтпаған, күңгір-күңгір кісінегенде балалар елеңдеседі. Балалардың иыршағы шыққан жетім айғырға пейіл беруінің де өзіндік себебі бар. Қыл құйрықтан ада бұл ауыл. Ұрлық бел алған ала шапқында барымташылар біртін-біртін айдап әкете берген. Бас-аяғы бес-алты жылда ауыл жылқыдан типылданып қалды. Ұрылардың тәрізінен қауіптенгендер бірді-екілі биелерін жұмсап тынды. Ат ұстайтындар да қалмаған. Тіке міне қашады жаяу ұры. Ақой деп аталатын ауылдың үйір-үйір жылқысынан қалған жалғыз тұяқ Қарагер айғыр ғана. Үйірін жаман ауызға тістетпей, аттылыны жылқыға таятпайтын, арқырағанда бір жартастың жаңғырығын екінші жартасқа соғатын адуын үйір қожасының алапаты ересен. Арындап шапқанда жалынан от шашырағандай боп көрер көзді айбатымен ықтырардай еді. Үйірінен көз жазып қалған құтпанайғыр ауылға сансырап оралған-ды. Майдан даласынан жараланып оралған солдаттай сау-тамтығы қалмай, айқыш-ұйқыш оқтан жарымдалған денесінің жарақаты біразға дейін жазылмай қойған. Айғыр құла түзге лағып шығандап кеткен-ді. Бір жағы үйірін іздеп, әрі жарақатынан айыға алмай сандалған жануар тұз көлді жалдап жүріп алған. Көрген көзде жазық жоқ, көл суын кешумен жазды түгескен Қаракер ауылға сақайып оралған еді. Кезінде Ақой ауылын жатқызып өргізген айғырдың иесі Ботбайда бұрынғы екпін қалмаған-ды. Кеңестер Одағы ыдырап бөлшектенген тұста Ботбайекең де үлесін молынан қарпып қалуға жанын салған. Су жаңа жүк мәшинесі тиді иелігіне. Бұрындары да малсыз емес-тін, жылқылы еді. Оған қоса отыз-қырық сиыр алды. Қой-ешкіден де қарпыды. Қайыры болмады, типылданып тынды төрт-бес жылда. Ұры-қарыдан қорғанып, қысы-жазы қораға тыға бергеннен бе, ұсақ малы қотырға шалдықты. Ірі қара шай-қанттан артылмады. Ақыр соңында, түгесілді ада-күде. Екі сиырды зорға деп ұстап отыр. Жатыры кепкен бе, жылда біреуі қысыр қалады. Өздері міндетті түрде еркек бұзау табады. Сосын қайдан өседі мал. Артық-кемі жоқ елу жылқы кетті. Із өкшесіне түсіп берген қарақшылардың. Түк өндіре алмады. Жоғары жақта сүйемесі бар, полиция бастықтарымен сыбайлас дей ме, індете алмады. Нәтижесінде Ботбай шарқы денесіне жарасымды үйлескен қозы қарнын ортайтып тынды. Денедегі артық салмақтан арылғаны жүріс-тұрысына қатты әсер етті. Үрген бүйендей тырсылдаған Ботбайекең бүгінде қаңбақша домаландайды. Кеңес заманының бастық сымағы-бүгінде сиыршы кәттебай. Перме бастық болатын ол жылдары. Енді міне сиыр бағады. Бейнетке төзер-ау, былайғы көздердің сұғынан ықтайды. Табашылдардың күңкілі жаман. Әсіресе, бұған азанғы қарбалас қолайсыз. Табынның басаяғын жиып өріске бағыттағанша қу жаны қалады. Жас бұзаулағандары ауылға қашады, одан бұқашықтар бастайды сүркілді. Мінгіші де бапты емес, ыңыршағы айналған кәрі айғыр жаман әліне қарамай қарашыл. Сыңар езулеп көткеншектейді де жүреді. Дәмесі зор және өзінің. Қорабайдың бәйгі күреңіне қиыстайды. Атақты Айтөбелге! Сондайда Ботбай сиыршының көкірегін қыжыл кернейді. Бір кездегі тракторшы Қорабай, ішкіш, төбелесқор Қорабай бүгінде айтулы атбегі. Үйінің маңы толған машина. Бәйгенің алдын бермейтін ұзын аяғы Қорабайды олжаға қарық қылады. Жылына кемінде бес мәшине кіріс оған. Мұртын балта шапсын ба, қатар өсіп еді бір ауылда. Төбелестен істі боп түрмені де көріп қайтты. Ішіп алып кеңшардың бірегейі партком хатшысын мытып жіберген. Екінші жолы мон-шада шығарған жанжалды. Кеңшардың дөкейлерін моншадан тыр жалаңаш қуып шыққан. Айта берсе толып жатыр тентектігі. Басбұзарды шеткергі бөлімше Ақойға бұның қарамағына жіберген-ді. Алдап-сулап ұстады оны. Жұмысқа апат, сонысына қызыққан. Тауды теңсе десе қайтпайды бейнеттен. Көңілінен шықпай қалсаң, шалқалап жатып алады. Тағдыр да қасақы, оған үйіп-төгіп ұл берген, бұған қаптатып қыз берген. Бір әбүйірі, Ботбайдың қыздары орнын тапқан, демеу көңіліне. Қорабайдың



ұлдары әкесі тәрізді жуан жұдырық шетінен. Байшыкештердің шылауында деп естиді, талтаңбайлардың оқ қағары білемін. Ұрланған жылқылардың құныкері солар деп күңкілдеседі ауылдың момын қазақтары. Бірақ оған айғақ жоқ, іске тігілмейтін пыш-пыш сөз. Осы күні іске тігілетін нендей шындық бар дейсің, бәрі ақшамен шешіледі. Ақшаны ойлағанда сиыршы Ботбай жұқарып сала береді. Өзінің күйбеңі мынау. Қыздары мен күйеу балалары да әбі-тәбі күн көрістің айналасында шырғалайды. Ортаңғыларындағы жалғыз бауырларына қол ұшын берсе ғой. Былай, үйлендіріп дегендей. Қолындағы жалғыз ұлы Сұңғат та уайым бұған. Жиырма бестегі бозбалаға қыз табылмаушы ма еді. Оның өзінде де бар. Жаман әліне қарамай, атбегі Қорабайдың қызына ғашық. Шешесіне тартқан әдеміше келген бойжеткен бір көрмеге сүйікімді. Ұзап оқымаған. Аяғының аздаған сылтымасы бар, содан ептеп қорынады. Мұның жалғызы да ұзамады ауылдан. Ермегі меншігіндегі жүк мәшине. Соның о жер, бұ жерін шұқылаумен күнді батырады. Күн батқан соң не бітіретіні өзіне аян. Сірә, атбегінің үйін тәңіректейді білемін. Қорабайдың кісі жаратын иттері Сұңғатты көргенде жуаси қалады. Шіркіннің, ептісін! Бере қояды деген қызын соған. Ботбайдың көзі ауыл шетіндегі атбегінің тұрағына түсті. Төңірегін тал-терек көмкерген қос қабатты үй шатырымен аспан тіреп маңайындағы жәпірейген күркешіктерді менсінбей тұрғандай көрінді де, мұңы қозғалып кетті қапелімде. Қолында тұрғанда қонышынан басып қалмағанына өкінеді. Шатырсыз құттыханасы тым қораш, жауыннан мүжіліп жыл-жыл сайын шөгіп барады. Өзінің де қалжасы оңып тұрған жоқ. Елуден аспай еңсесі түсіп жүнжіп кетті. Ыстық күнде сиыр баққан оңай деймісің. Қыщқылдайтын әдет тағы бар. Ішпеске лажы жоқ, не қызық қалды дейсің итшілеген тірлікте. Түнде жатар кезде сілтеңкіреп жіберген-ді. Езіліп қапты, қу жаны тұр. Мұндайда көңілге әр не келіп жұқарта түспей ме. Кешегі болып толып тұрған кезінде үлкен-кіші шылауына оратылып, шырмауықша жабысып қалардай еді. Әсіресе, сауыншылар төңіректейтін беделді ферма меңгерушісін. «Қайным-ау, мені орденге ұсынсаңшы, депутат сайлатсаңшы» деп қиылады. Тұла бойынан жағымды сүт иісі аңқыған әлгі әйелдің базынасына бұл кәдімгідей-ақ елігер еді.

Әлгі күлім көз сауыншыны іретін тауып ертіп те кететін беделді бас қосуға. Әне шықты бір кездегі орденді Күлшетай балашағасының емшегіне қараған ай мүйізін алдына салып. Кереметтей еңбекқор еді. Сүт жоспарын үнемі асыра орындап, көрсеткішін төмен түсірмейтін.

- Аманбысың-ей, қатын? - деді оған Ботпай өзімсініп.

- Амандығың өзіңе! - деп Күлшетай қайырып тастады сәлемін.

- Баққан сиырың тамбайды, тандыр боп кетті мүлде.

- Өзің ше?

- Өзімді көріп тұрсың ғой,әйбатпын!

- Ә, онда баяғыны еске түсіріп көрсек...

- Әдірем қал-ау! - Күлшетай ернін шүйірді.

- Алдыңдағы малыңды жөндеп бағып алсаңшы одан да?! Ботбай тосылды. Көтерімді еді-ау, шыбық тимей шыңқ етердің өзі болған да шыққан. Кінә да жоқ байғұстарға. Ауыл шетінде жаңа үлгімен салынған сиыр сауатын комплекс қаңырап тұр. Әйелдер жұмыссыз қалған. Қолдарындағы бірді-екілі сиырдан алған сүтін үлкен жолға шығарып, нандық тиындарын айырады. Ірімшік, майы бірден өте қойса оған да шүкірлік. Бозала таңнан ымырт жабылғанша тұрғандары сарылып. Осы күнгінің адамдарында талғам бар ма, шет жұрттардан келетін азық-түлік оларға балдай көрінеді. Ботбай тебінді мінгішін. Қамшыласа ерегісіп кетеді, көткеншектеп тұрып алады. Жаман әліне қарамай елеңшіл өзі. Шилеуітті өзекте жайылып тұрған күреңді көріп қалып оқыранды. Артынша кісінеді. Айтөбел қолма-қол қайтарды жауапты. Төңірек сыбызғы үнге толып кетті. Қамшы кесті лақса қалыспады, өз әлінше бұлқынды. Басыңқы шықты үні. Баяғы бетті кезіндегі күңгір-күңгір кісеністен жұрнақ та қалмаған. Айтөбел үдетті кісінесті. Құлынын қасқырға жегізген құлықтай шұрқырағаны кәп еді. Көмейінен лықсыған күңіреніс төңіректі азалы сарынға толтырып жіберді. Айғыр да ышқынды. Ышқынбасқа шарасы жоқ-тын. Түйсігіне жеткізген жоқ па, Айтөбел мұңлық іштегі зар-наласын. Жауаптан жалтарғаны керт басына мін. Байталмен ләззат бөліскені жадында, бірер мәрте көзіккені бартын. Сондағы тұшынысы әлі жүр денесінде. Бәйге күрең де ұмытпапты сондағыны. «Жетсеңші тезірек! Болсаңшы!» дегенді үстемелеп күңіреністі кісінесімен жеткізіп-ақ тұр. Күн сайынғы міністен титықтаған Қаракерге капелімде желік бітті. Мың салса бір баспайтын өлімші тарлан ежелгі омыраулы әдетіне басып ұра кеп жөнелгенде, Ботбай ерден ауып түсті. Бостандық алған айғыр байталға бара-ақ жанықты. Кәрі мүше жас тәнді адаспай тапты. Нақ осы сәтте Қорабай шыққан сыртқа. Айтөбелге көзіккен Қарагерді көріп қалған ол мылтыққа жармасты. Жамбасын ауыртып алған Ботбайдан бұрын жеткен Қорабай айғырды қақ маңдайдан көздеді. Мылтықтың ащы шаңқылы бұйыққан тыншу ауылды селт еткізді. Ажал оғынан тырапай асқан лақсаның тыпырлауға да шамасы келмеді. Бір сұмдықтың болғанын түйсінген ұзын сирақ күрең қос құлағын шаншылта осқырынды. Үрейден шатынаған көзінен үзіліп-үзіліп түсіп еді ауыр тамшылар. Өзіне тағы бір суық қолдың сұғынарын сезініп шұрқырады барынша. Құлынын қасқырға алдырған құлықтан бетер үдетіп жіберді. Зәрезап болған еді. Содан да ғой, көре қал, ана

жолғыдай көрсетеді көзіне көрешегін. Төрт аяғын шырмап тастап тәніне қол жүгірткенде айғырмен ләззат бөліскен тұшыныстан түк қалмаған. Аузынан жағымсыз иіс аңқыған суық адамның дөкір әрекеті жатырын астан-кестен етіп, байланған түйінді сыпырып түсірген-ді. Жаңағы жалқы сәттегі жан шақырыстан сол қиянаттың есесі қайтқандай еді. Ұзаққа барса жақсы-ау? Расында солай боп шықты. Қорабай ешкімге дес бермеді. Ықтырып жіберді қарсы келгенді. «Енді айғырыңды бос жіберсең, тіке жарамин дегенім қайда?! - деп күпілдеді Ботбайға. - Қасақана қастыққа бардың. Көре алмайсың мені!» Құлағы түрік мал дәрігері ақсақ Шорнақта ес қалмаған. Оқиға болған жерге қаңбақша домалаңдап жеткен ол тіке кірісті іске. Айтөбелді жықтырды да, кәнігі амалын қолданды. Теңкиіп өліп жатқан айғырға көз қиығын да салмады. «Сауап болды бөлемге» деп көрінеу қолпаштады тентек Корабайды. Қарагер жоқтаусыз қалмады. Сұңғат айғырды ауыл сыртындағы төбенің етегіне апарып көмді. Қолғабыс берді оған балалар. Қолдарына іліккен тасты әкеп тастай берді. Айналасы он күннің ішінде обашық пайда болды. Тасқа қашалып белгі қойылды айғырдың басына. «Обалы Қорабайға» деп жазылған еді. Балалар бұны құп көрмей басқаша мәтінде қиюластырды. Бірігіп ақша жиып: «Қарагер айғырға Айтөбелден белгі» деп жылтыр мраморға қашатты. Одан әрі жырға кезек берілді. Қызды-қыздымен ән шығарды талапкерлер. Ымырттан бастайды дауры-ғысты, зар жақ қара сирақтар. Ел ұйқыға жатқанша дауыстары бір сембейді. Жамыраса жарапазандағанда, Қорабайдан маза кетеді. Бар қарсылығы - бұларға итің айтақтайды. Сұңғат та кіжінулі атбегіге. Өзіне өле ғашық Гүлзейнептен сырт айналды. Әкесіне ерегісті де, қызға тіке хатпен білдірді ойын. «Сені сүйетінім айдан анық еді. Әкең жолымызды кесті. Қош боп тұр!..» Тілдей қағазға мөрдей анық түскен жазуды Гүлзейнеп оқиды да жылайды, жылайды да күледі. Жылайтыны - жігітті қимайды. Күлетіні - жігіттің аңқаулығын мүсіркейді. Сонымен бір жаз, бір қыс өтті. Көктемнен басталды дүбір. Тойдан той. Бәйгеге бұрындары арзанқол жеңіл мәшине берілетін еді. Енді ата-бабаларына ас бергендер бірінен-бірі озбаққа «иномарканы» қыдитатынды шығарды. Қорабай атбегінің жолы болып-ақ тұр. Айтөбел бір жаздың өзінде қатарынан үш мәрте топ жарып, иесін олжаға қарық қылды. Дәніккен Корабай қанатын қашыққа қомдады. Алыс аймақтардағы ас - тойларды құтқармады. Ботбаймен бітіскен. Сенің қолың ат емес деп есек сатып әперіп еді. Құлағы омырауына жеткен ақ танау қара есек қышқырғанда даусы тау жаңғырықтырады. Соланбайы жер сызған ақ танау Айтөбелге қиыстайды. Жаныгады-ау сабазың! Тұрқы үйлеспейді де, азынап-азынап басылады. Дәтке қуат дегенмен. Балалардың қырағы көзі бұны да шалады. Жыр жаңаша мазмұнмен молығады. «Айтөбелді оңдырдың, көк есекке қор қылдың», - деп нәштейді. Әр жан иесінің маңдайына жазылған өз таланы бар. Айтөбелдің сорын бағы жеңіп тұр. Желдей жүйрік жануар аламанда арындап арындап алғанда, аңсарын жеңген зар-наласын түйсігінен қуалап тастайды. Гүлзейнеп байғұстың қадамы шектеулітін. Момын шешесінің айтқанынан шықпай, қатал әкенің қабағымен боп ықтайды да жүреді. «Сиыршы Ботбайдың сүңейіне таянатын болсаң, бір шіріген жұмыртқасың, қаранды көрмеймін. Онда менің балам емессің» дейтін еді. Құдай аузына салған екен, Қарагердің оққа ұшқаны әкесінің тілеуіне дөп келді. Сұңғат сол салқын қалпында жүр әлі. Мүмкін емес деп ойлайды атбегінің қызы. Жігіт мұны қалайша қияды?! Екі-үш мәрте хат та жазды. Өз қолымен тоқыған орамалын да ұсынды. Қайрылар түрі жоқ. Қыздың әкесіне ерегісіп сүйгенінен жерінгені қалай?! Қайта ширықпай ма? Сен олай етсең, мен бұлай етейін деп мұны тіке алып қашпай ма. Қайырымсыз тас жүрек Қорабайды сан соқтырып кетсе, мүтін ел елеңдер еді, атағы аспандап дүйімге жетер еді. Гүлзейнеп әзірше іштен тынумен жүр. Бұған әр күн жылдай ұзақ көрінеді. Жұлынған қоғаша бозарып жүдеп барады. Әкесіне бәрі бір, Айтөбел бәйгеден келе берсе болғаны. Шешесі де қызық, жастық шақ өз басынан өтпегендей түк білмегенсиді. Күйеуінің ыңғайымен болып, соның суын тапқанға мәз.

- Мама, ауырып жүрмін мен.
- Білем сенің жайыңды.
- Білсең қайтуім керек?
- Әкең сені әне бір атбегі досының баласына бергелі жүр.
- Соқыр ұлына ма?
- Қой, олай деме!
- Соқырға ақсақ пар дегені ме?!

Қыз бен шешесінің күңкілі расқа шықты. Кешікпей жетті әлгі жігіт. Доғала көз домаланған қара Гүлзейнепке қолын жүгіртсін. Әкесінен жұққан жұқана осындайда әжетке жарап қалады. Ал кеп шықпыртсын әлгі әумесерді! Қамшының ұшы жігіттің сау көзін зақымдай жаздап әупіріммен қашып құтылған ол қайтып бұларды көрген емес. «Қыз әкесінен өткен періп кетпенің өзі екен. Қатынсыз өтсем де ақсақ қызға жоларым жоқ» деп ант су ішіпті. Гүлзейнепке тағы бір кеудемсоқ қырындаған. Атбегілер қауымдастығының белсендісі көрінеді. Гәлүстігін босатпайды жуан мойнынан. Қарынды және өзі. Қымызға құмар екен, арақты да құтқармайды. Әкесі қонағына жайылып төсек, иіліп жастық боп жантәні қалмады.Сөйткен қонақ бүйдесін:

- Сені мен аламын, Гүлзейнепжан!.
- Шегерсеңіз қайтеді?
- Шегермесем ше?
- Онда өз обалың өзіңе.

Залым әкесі мен мондыбас шешесі бұларды әдейілеп оңаша қалдырып кеткен-ді. Соны алдын ала сезген Гүлзейнеп салғаннан қорғанысқа көшті.

- Атыласың!
- Ата алмайсың.
- Мә, саған!

Мылтық тарс еткенде, атбегілер қауымдастығының өкілі жан сауғалап: - Қойдым, көкетайлақ! Қойдым! - деп жалынды. Қорабай қонағының қырпынан қолайсыздықты аңдады да қатынына сақтықты. «Қызыңды неге жөнге салмайсың? Байсыз қалдырайын деп пе едің?» - деп дігерледі. Сол күні Гүлзейнеп далаға түнеді. Сұңғаттың үйінің сыртына үш барып, үш қайтты. Кіріп баруға намысы жібермеді. Дыбыс беріп еді, сиыршының сүңейінен жауап болмады. Сосын ол басқаша амалға басты. Алыс жолға жиналған әкесіне ерегісіп, Айтөбелге лайықтаған қорапты мәшиненің дөңгелектерін бірін қоймай істіктеп тастады. Таңғы салқынмен жүрмекші болған Қорабай желі шығып жапырылған дөңгелектерді көріп, ызадан жарыла жаздады. Жолдан қалуға болмайды, баратын жағы шалғайда. Амалсыздан сиыршы Ботбайға жалынды. Балаңды көндір деді. Сұңғат зорға деп илікті. Жол ақымды қолма-қол төле деді. Сапарға шыққанда мінез көрсетпейтін боласың деп және қойды талапты. Гүлзейнеп атқораны далдалаған. Айтөбелге мұңын шағып, жылап-жылап алды. Түйсікшіл жануар ішін тартып күрсінді. Деген бұла шағында жалғыздық шырмауында елегізген Айтөбелдің де жағдайы онша емес еді. Қанын қыздырып іші-бауырын аралаған бұлқыныс көз алдына өткен күндердің елесін әкеліп, елтіме сезімге бөледі. Күнше күркіреген айғырдың тегеурінді кісінесі бойын кернеген құмарлық аңсарды одан әрмен қоздырғанда, құйрығын шаншылтып алып, шаба жөнелуге бар. Бірақ оған дәрменсіз. Қыл мойынды шырмаған арқанды үзу қайда бұған. Сөйткенше өзіне қыр астынан сәлем жолдаған Қарагер шапқылап келе жатады. Тұла бойы ісініп бабына келген айғыр мұңын жұп-жұмсақ бөксесін ымқырулағанда, кемеліндегі Айтөбел ләззат тұңғиығына батып бара жатады. Жалқы сәттік жан шақырысты аңсағанда жеті жасар бедеудің күңіреністі кісінесінен үй теңселгендей болады. Бірақ оған құлақ қоятын иесі ме?! Аялайды, сипалайды добал қолымен. Су орнына биенің сүтін ішкізеді. Сұғанақтың көзінен, бәтуасыздың сөзінен қорғаштайды. Соның бәрінен де еркіндік қымбат-ау! Сиыршы Ботбайдың Қарагерімен ұшырасқан сәтіне не жетсін! Айтөбел бойжеткенге мойыл көзін төңкере қарады. Іштей ұғынысудың ишарасы еді. Одан әріге бара алмайды. Гүлзейнептің де жетіскені шамалы. «Жануарым-ай, - деді омырауынан қаққыштап. - Ішің толы зар-запыран-ау сенің де. Деген күнінде шырмалып қапаста тұрсың. Соңыңнан құлын еретін дер шағыңда бедеулікпен өтті-ау есіл бұласыр тіршілігің! Бірақ сенің бағың өскен. Атағың аспандап тұр. Даңқың Қазақстанның төрт бұрышына жетті. Егерки бар ма, атақ-абыройыңды маған берсе... Жо-жоқ, керек емес, әйел болудан артықты қаламас едім. Айтөбел, сен мені кешір. Өзіңнің асқан жүйріктігіңнің арқасы біздің шалқып отырғанымыз. Сенің иең менің әкем Қорабай бар ма, барып тұрған тас жүрек. Көре қал, басыңнан бағың тайып сүріндің бе, өзіңді көк тиынға алғысыз қып тастайды. Семіртіп соғымға сойып, қазы-қартаңды көмейлеуге бар. Адам дегендер тойымсыз шетінен, қанағаты жоқ. Гүлзейнеп барып-барып тоқтады. Сұңғатты сүйетінін, оған өле ғашық екенін де сыр қып шертті Айтөбелге. Күрең бедеу мақұлдағандай болды. Тарпынып қатты мазасызданды. Ішін тартып күрсінді бір ауық. Оқыранды оқыс селт етіп. Гүлзейнеп Айтөбелді машинаға жайғастырып жатқанда, оны бір түрлі аяды. Қос құлағын төбесіне шаншылтып мазасызданған бедеу кісінеп-кісінеп алды. Бұлар үш күн жолда болды. Төртінші күні ілікті діттеген тұсқа. Дамылдауға уақыт тар еді. Шабандоз баланың да қабағы ашылмады. Жетімектің көкірегі күрсініске толып кетті. Айтөбелдің беймәлім үрейден шатынаған көзінен әлдебір жағымсыздықты сезінген ол танауын тартқыштап: «Бұл жолы Айтөбел оза алмайды», - деді Сұңғаттың құлағына сыбырлап.

- Оны қайдан білдің?
- Жеті жасымнан осының қасындамын ғой.
- Бұл жолы озбаса кейін озады, - деді Сұңғат баланың көңілін аулағансып.
- Мені өлтіреді ғой, - деді бала жыламсырап.
- Кім?
- Қорабай көкем ше? Саған да өшігіп алуы кәдік.
- Сонда бапсыз ба, Айтөбел?
- Жиі-жиі қосады жарысқа. Дұрыс емес.
- Айтпаймысың?
- Мен тұрмақ басқаны да мәу демейді.
- Уайымдама, жігерлен қайта...

Алдымен жорға жарысы басталды. Одан ұшқыр жүйріктердің шыға шаппасы мәреге жетті. Соңынан отыз бес шақырымдық аламан бәйгенің жалауы көтерілді. Сексен бес шабандоз тізімге алыныпты. Айтөбелдің тізгінін ұстаған қара бала бесінші нөмір тағынды. Сұңғат соны өзінше ырым көрді. Қорабайға соны айтайын деп еді, игі жақсылардың қоршауындағы оған тақала алмады. Айтулы атбегінің атақ-даңқына жығылғандар жол беретін емес. «Қореке, тұлпарыңыз бабында екен», - деп қолпаштап түседі. Күн екіндіге құлағанымен ыстықтың беті қайтпай тұр. Аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Ауада аздаған леп бар, керімсалға жетеғабыл. Айтөбел салғаннан суырылды. Мөңкіп шабатын машығымен құлашты кең тастайды. Алты айналымның бесеуінде қара салмады алдына. Соңғы айналымда сыр берейін деді. Қарақшыға екі шақырым қалғанда кеп жетті ала аяқ күрең. Қатарласа құлаш ұрды қос жүйрік. Ышқынды шабандоздар. Қара бала соңғы мүмкіндікті жұмсауға мәжбүр болды. Қорабай қамшыла деп белгі берген еді. Қамшы басты жүйрігіне. Ала аяқ күреңнен асық атым ұзай бере омақасты Айтөбел. Тұмсығымен жер сүзе құлаған қалпында пырпыр етіп аз жатты да үзіліп кетті. Қара бала далаға қашты. Сұңғат оны зорға қайырды. Байғұс жетімек өзін-өзі жұлып жындануға шақ қалған-ды. Жарақатын да елейтін емес, өлемін дейді өкіре жылап. Қорабай міз бақпады. Сырын алдырмаған қалпында сазарып тұрды-тұрды да, иномаркаға отырып алып жөнеп кетті. Төрт-бес күнгі серігі қызыл бет қылмысы бар қасында. Айтөбелдің азасын Сұңғат бен Қара бала бірлесіп көтерді. Әйгілі бедеудің өлексесін ит-құсқа жем қылмай елге жеткізейік деп шешті. «Бұларың дұрыс ақыл» деп құптады тілекшілер. Сонымен олар ауылға қайтты. Жолда ақшалары түгесіліп бензиннен таршылық көрді. Әрлі-берлі өтіп жатқан жүргіншіге алақан жайды. Итшілеп жетті әйтеуір. Балалар жолға қараумен жүр екен. Сұңғатқа салмақ салмай жұмыла кірісті. Айтөбелдің өлексесін Қарагерге жақындатып қойды. Екеуіне үйілген обашық сонадайдан мен мұндалап тұрды. «Тас үйдік басына, Сай болсын деп атына. Жайғастық, Айтөбел Қарагердің қасына», - деп жазылған белгіні әркім-әркім оқып езу тартысты. Еріккендердің ісі деп қол сермегендері де болды. Сұңғатқа сабақ еді бұл сәтсіздік. Райынан тез қайтты. Гүлзейнепке қайырылды. Қыз алғашқыда бұлданды өзінше.

- Сені бір күн де қоймаймын мұнда, - деді жігіт қатуланып.
- Айтөбел мен Қарагер құсап жер жастанбай тұрғанда кетейік бір жағына. Қыздың ақшыл реңі күреңіте қалып еді.